

НАГРАДА ҚАҒАЗЫ

1. Аты-жөні, тегі: Алтынбаева Зауреш Болысбекқызы
2. Қызмет, жұмыс не қызмет орны (кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның, министрліктің, мемлекеттік комитеттің бөлімшесінің атауы): Ақтөбе қаласы №32 мектеп-гимназияда 1996-2005 жылдары директор қызметін атқарды.
3. Жынысы: әйел
4. Туған жылы мен туған жері: 20.11.1951 ж., Семей облысы, Урджар ауданы
5. Ұлты: қазақ
6. Білімі: жоғары, С.М. Киров атындағы мемлекеттік университеттің 1972-1977 жылдар аралығында филология мамандығын алды(қазақ тілі мен әдебиет пәндері мұғалімі).
7. Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы: жоқ
8. Тұрғылықты мекен-жайы: Ақтөбе қаласы, Батыс-2, Тәуелсіздік 18а, 69 пәтер.
9. Жалпы жұмыс өтілі: 45 жыл
10. Саладағы жалпы жұмыс өтілі: 43 жыл
11. Аталған ұжымдағы жалпы жұмыс өтілі: 10 жыл
12. Наградталушының айрықша нақты еңбегін сипаттайтын мінездеме:

С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. Еңбек жолын мектепте аға вожатыйлықтан бастап, комсомол секретары, бастауыш сынып мұғалімі, тәрбиеші болып, орыс мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берді. Сынып жетекшісі, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарды.

1986 жылы қалалық білім беру ісі жөніндегі басқармасында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен әдіскер, 1993 жылы қала әкімі жанынан құрылған тілдер комитетінің төрағасы, 1996 жылдан бері № 32 мектеп – гимназияның директоры қызметін атқарады.

Зауреш Болысбекқызы қай қызметте болмасын істі тыңғылықты, аса жауапкершілікпен атқарады. Өз ісіне бар жан – тәнімен берілген ұстаз-басшы-еңбек иінінде шеберленген жан. Әр істің түйінін таба білетін іскер басшы өзінің даралығымен, тың ойларымен, ұстаздық шеберлігімен ерекшеленеді. Зауреш Болысбекқызы іс-тәжірибесін әр уақытта баспа беті, радио, теледидар арқылы жұртшылықпен бөлісіп отырады. Мемлекеттік тілді дамыту бағытында радио, теледидар арқылы сабақтар жүргізді. Ұстаздық жолындағы іс-тәжірибелері жинақталып, жұртшылыққа ұсынылды.

1996-97 оқу жылында Зауреш Болысбекқызының басшылығымен мектеп – гимназияда мұражай, 1997-98 оқу жылында жаңа түрдегі мектептің педагогикалық моделін құрастыру мақсатында ғылыми-педагогикалық лаборатория ашылды. Оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту мақсатында «Денсаулық орталығын» ашты. Орталықта салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін бассейн, сауна, массаж, физиотерапия кабинеттері жұмыс жасады.

Жоғары сынып оқушыларына өзінің авторлық бағдарламасы «Еуропатану» курсын жүргізді.

З.Б. Алтынбаеваның инициативасымен мектеп-гимназия Халықаралық білім беру қозғалысының Еуропалық форумының «XXI ғасырдың әдемі мектебі» сайысына қатысып, 1998 жыл дипломант, 1999 жылы ең үздік жеңімпазы атанды. 1999 жылы халықаралық дәрежедегі «Әдемі мектеп» статусын иеленді.

Мектеп – гимназияда дарында оқушылармен жұмыс жүргізетін «Жас талап» ғылыми орталығы жұмыс жасады. Олимпиада, ғылыми жоба қорғау жарыстарына қатысушы дарынды оқушыларға Зауреш Болысбекқызы ерекше жағдай жасап, қосымша білім беріп, тереңдете оқытуға мән беріп отырды.

Зауреш Болысбекқызы Алтынбаева – іскер басшы, шебер тәлімгер, өзі көп ізденумен қатар педагогикалық ұжымды да ізденуге, шығармашылыққа бағыт бағдар беруші ұстаз болды.

Педагогикалық шеберлігі, терең білімділігі, адамдармен тіл табыса беретін қасиеттері, ұйымдастыру қабілетінің жоғары деңгейлігі арқасында үлкен беделге ие болды.

Алтынбаева Зауреш Болысбекқызының кандидатурасы №32 гимназияның Бастауыш кәсіподақ ұйымының жиналысында талқыланып, «Қазақстан Республикасының Еңбек ері» марапатына ұсынылды.

М.Құрманғалиева атындағы
№32 гимназия
Бастауыш кәсіподақ
ұйымының төрайымы:



[Signature]

Ақтөбе облысының білім
басқармасының басшысы

М.О.

2023 жыл «__» _____